«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ЖАНЫНДАҒЫ ҚОСЫМША ЖӘНЕ ФОРМАЛДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ СЕКЦИЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізу форматы: онлайн **№ 4** **2026 жылғы 9 қараша**

Zoom веб-конференциясы
https://us06web.zoom.us/j/83612792734?pwd=qKmtpeLfRb9WQcqilmsEaZe7AerFFk.1
Отырыстың басталуы: 15.00

Төраға: Султангазиева А.А.

Хатшы: Калиева З.Б.

Қатысқандар ҚжФЕББ Секциясының мүшелері және СК ББ әзірлеушілер: «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, «Төрегелді Шарманов атындағы Ұлттық медицина университеті» КеАҚ, «Семей медицина университеті» КеАҚ және оның Павлодар филиалы, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, «University Medical Center» корпоративтік қоры, «„ҚДСЖМ“ Қазақстандық медицина университеті» ЖШС, «Академик Б.О. Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» АҚ, «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ, «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесі (МЕББМ), «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» ШЖҚ РМК, ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ, ҚР ДСМ «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» ШЖҚ РМК.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын талқылау:

- «Балалар неврологиясы» 15 кредит (450 ак.сағат) көлемінде, әзірлеуші «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ.

2. Әр түрлі.

1-Сұрақ. ***«Балалар неврологиясы» 450 ак.сағат көлемінде, әзірлеуші «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ.***

ТЫҢДАЛДЫ:

Султангазиева А.А. Секция төрағасы секция білім беру бағдарламаларының техникалық бөлігін «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ отырысында мақұлданған «Денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі Әдістемелік ұсынымдар» құжатына сәйкес қарайтынын еске салды (*2026 жылғы 24 қыркүйектегі № 1 хаттама*).
Қарау қорытындысы бойынша бейіндік жобаларды басқару тобы (ЖБТ) мен ОӘБ-нің тиісті комитеті әзірлеушіге екі сараптама актісін және хаттамалық шешімді ұсынады.
Төраға сондай-ақ сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ-де бекітілгеннен кейін Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының (ҰТЕО) өкілімен бірлесіп бағдарламаның техникалық ерекшелігін, оның

ішінде тақырыптарға, сұрақтар мен тапсырмалар санына және өзге де параметрлерге сәйкестігін пысықтау қажет екенін атап өтті. ҰТЕО техникалық ерекшеліктің стандартты нысанын ұсынады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

«Балалар неврологиясы» СК ББ әзірлеушісі «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ техникалық сараптама жүргізу үшін бағдарламаны орыс және қазақ тілдерінде ұсынды.

Бағдарламаның мазмұндық бөлігі педиатриялық бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ-сымен және «Психиатрия және балалар неврологиясы» комитетімен келісілді. Бағдарламаға сараптама жүргізген сарапшылар мен ұйымдар туралы мәліметтер ұсынылды. Мухамбетов Г.А.,м.ғ.к., жүйке аурулары кафедрасының доценті, балалар невролог дәрігері. - «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ. Аяганов Д.Н., PhD, ассистент-профессор, психиатрия және наркология курсы бар неврология кафедрасының жетекшісі - «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ.

Талқылауға бағдарламаны әзірлеушілер мен секция мүшелері қатысты. «Балалар неврологиясы» білім беру бағдарламасының әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкес келетіні және оны «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ-нің одан әрі қарауына және бекітуіне ұсынуға болатыны атап өтілді.

ШЕШІМ:

1.1. «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ-нің қарауына және бекітуіне төмендегі сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын шығару ұсынылсын:

– «Балалар неврологиясы» 450 ак.сағат көлемінде, әзірлеуші «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ.

(Бағдарлама Денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі Әдістемелік ұсынымдар талаптарына сәйкес әзірленген.)

1.2. Сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы бекітілгеннен кейін бағдарламаның техникалық ерекшелігін келісу бойынша Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығымен (ҰТЕО) бірлескен жұмыс жүргізілсін.

2-Әр түрлі.

Сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу және (немесе) өзектендіру жұмысының барысы туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

А.А.Султангазиева ОӘБ жанындағы ҚжФЕББ Секциясының төрағасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 (*Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы*) бұйрығына сәйкес сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру жұмыстарының жалғасып жатқаны туралы хабарлады.

Қолданылу мерзімі аяқталып келе жатқан немесе аяқталған білім беру бағдарламалары бойынша жұмысты жандандыру қажеттігі атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Секция мүшелері сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру жұмыстарының барысы туралы ақпарат ұсынды. Сондай-ақ бағдарламалардың дайындық деңгейі мен оларды Секцияның келесі отырысына ұсыну мерзімдері туралы хабарлады.

ШЕШІМ:

2.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 (*Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы*) бұйрығына сәйкес сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу және (немесе) өзектендіру жұмыстарын жандандыру қажеттігі туралы ақпарат назарға алынсын.

Төраға **А.А.Султангазиева**

Хатшы **З.Б.Калиева**